

Келісілді

«Мұғалжар ауданының

білім бөлімі» ММБ

әдістемелік кабинет әдіскері

Г.Қ.Нұрмағанбетова

«

2025ж



«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы»



«Бекітемін»

«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы»

менгерушісі:

Г.А.Курманова

2025ж

**«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны
«Айгөлек» ересек тобы**

**2025-2026 оқу жылына арналған вариативтік компонент:
«Кішкентай зерттеушілер»**

Боранбаева Н.Ж.
Кудабаева Г.К.

Қандыағаш қаласы

Түсінік хат

Мектепке дейінгі ұйымдардағы білім беру процесінде балалардың қоршаған әлеммен танысуы, табиғаттың өзіне тән ерекшеліктерімен танысады, табиғат жөнінде ой-өрісін дамытады. Қоршаған табиғаттың сұлулығына, байлығына тамсану, оған мейірімділікпен қарғауға, сақтауға тәрбиелейді. Балалардың зерттеу дағдыларын қалыптастыруы маңызды орын алады. Балалардың танымдық белсенділігі өте жоғары болады. Олар айналасындағы құбылыстарға қызығып, «неге?» «қалай?» деген сұрақтарды жиі қояды. Сондықтан балалардың зерттеушілік қабілеттерін дамыту-тұлғаның жан-жақты дамуы үшін аса маңызды. «Кішкентай зерттеуші» вариативтік компоненті балалардың дүние танымын кеңейтуге, ойлау қабілеттерін жетілдіруге, ізденіс пен тәжірибе жасауға деген қызығушылығын арттыруға бағытталады.

Бұл компонентті жүзеге асыру барысында баланың қоршаған әлеммен тұрмыстық заттармен тәжірибе жасауы, бақылауы және зерттеуі арқылы қорытынды шығаруына мүмкіндік беріледі. Сондай-ақ балалардың өз ойын еркін жеткізу, болжам жасау, дәлелдеу дағдылары қалыптасады.

Максаты:

Балалардың табиғат пен қоршаған әлем жөніндегі қарапайым түсініктерін қалыптастыру, табиғат құбылыстары мен үдірістерін бақылауға, зерттеуге үйрету. Заттармен құбылыстардың қасиеттерін тәжірибе арқылы танып – білуге жағдай жасау. Балалардың сезім мүшелері арқылы (көру, есту, дәм сезу, иіскеу, сипап сезу) алған әсерін салыстырып, ажырата білу қабілетін дамыту, ойлау, талдау, қорытынды шығару машықтарын жетілдіру. Табиғатқа қызығушылығын арттыру, экологиялық сауаттылыққа бауылу, тірі және өлі табиғатқа қамқорлықпен қарауға, еңбек сүйгіштікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Вариотивтік компонент

Ай аттары	Тақырыбы	Мақсаты
Қыркүйек	1. Табиғат кереметі	Балаларға табиғат бөліктерінің қызметі мен алатын орын ерекшелік қасиеті жайлы ұғындыру, таныстыру.
	2. Көбелек	Жәндіктермен таныстыру, Көбелек және оның өзіндік ерекшеліктерімен таныстыру. Жәндіктерге деген қызығушылығын дамыту, оларға қамқор болуға тәрбиелеу
	3. Құмырсқа	Жәндіктермен таныстыруды жалғастыру. Құмырсқамен танысу, оның еңбекқорлық қасиетіне ерекше атап өту. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру
	4. Саңырауқұлақтар	Өсімдіктермен таныстыруды жалғастыру. Саңырауқұлақпен таныстыру, саңырауқұлақтың улы және жеуге жарамды екі түрі болатынын түсіндіру
Қазан	1. Жемістер мен көкіністер	Балалар қолмен ұстап сезу қабілетін арттыру, көкіністер мен жемістерді ажыратып атайды
	2. Дәмін ажырат	Шекер мен тұздың қасиетін білу. Оларды суға салғанда судың дәмі өзгеретініне көз жеткізу. Дәмін сезе білуге үйрету, тәжірибе жасауға жаттықтыру.
	3. Аузымызға не түсті, тісімізге не тиді?	Балалардың аузына түскен заттың не екенін білуге, дәмін сезіп тауып айтуға үйрету.
	4. Жапырықтың күзгі серуені	Өсімдіктер әлемімен таныстыруды жалғастыру. Өсімдіктер әлемі туралы түсініктерін кеңейту, өсімдіктерді күтіп баптауға үйрету.
Қараша	1. Тұқымына қарай ағашын тап	Ағаштың түрлерімен танысып, атауларын атап, ағаштардың жапырағы мен тұқымдарын ажырату. Балалардың аңғарымпаздығын тани білу қабілетін дамыту.
	2. Бөлме өсімдіктері мен дәрілік өсімдіктерді ажырат	Бөлмеде, топта өсетін өсімдіктер мен дәрілік өсімдіктерді бір-бірінен ажырата білу, қандай мақсатта өсірілетін анықтау.
	3. Аквариумдағы балық	Аквариумдағы балықтар мен танысу, басқа балықтармен ұқсастығын, тіршілігі айту. Аквариумдағы балықтарға қамқорлық қарым-қатынасы қажет екендігін, оларды күтіп баптауға тәрбиелеу
	4. Күнбағыстан май алу	Күнбағыс кішкентай, күн сияқты әдемі, пайдалы өсімдік. Оның дәні өте дәмді екен, дәнінен май шығаруға болатындығына көз жеткізу, байқау, зертеу.
Желтоқсан	1. Су туралы не білеміз?	Балаларды судың қасиетімен, құрамымен таныстыру, судың тіршілік несі үшін мәні, қажеттілігі туралы түсінігін кеңейту, суды үнемдеп білуге тәрбиелеу
	2. Жанды табиғат және жанысыз табиғат	Жанды, жанысыз табиғат туралы қарапайым түсінік беру. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу

	3. Жүзеді-батып кетеді	Суда қалқып жүретін және батып кететін нәрселермен тәжірибие жасау. Суға бату, қалықтап жүзу ұғымдарын қалыптастыру
	4. Қырау	Балаларды табиғаттың сұлулығын сезінуге тәрбиелеу. Қырау жамылған ағаштарды бақылау
Қаңтар	1. Қар лақтыру	Қарды қолмен ұстап умаждап біріктіріп дөңгелек пішін жасап көруге болатынын, қарды нығыздауға болатынын көз жеткізу
	2. Құстар біздің досымыз	Дала құстары туралы білімдерін жетілдіру. құстарға қоректендіру, құстарға, табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу
	3. Ериді- ерімейді	Балалардың шекер мен құмның еритінін, ерімейтініне көз жеткізу. Ол екеуі де бір-біріне ұқсайтын сусымалы зат, қасиеттері әртүрлі екенін тәжірибе жасау арқылы анықтау
	4. Мұз судан жеңіл	Мұзға тәжірибе жасау, мұзды стакандағы суға салып бақылау
Ақпан	1. Түрлі -түсті мұздар	Балалармен суды түрлі түстерге бояп, қардың арасына көму, түрлі-түсті мұздар жасау, мұздың да түсін өзгертуге болатынына көз жеткізу.
	2. Жеңіл ауыр	Балаларға заттың жеңіл-ауыр деген ұғымын түсіндіру, ойнату арқылы көз жеткізу.
	3. Қардың ерігенін бақылау	Серуен кезінде қардың ұлпасын бақылауды ұсыну. Олардың әдемілігіне бір-біріне ұқсамайтынын назар аудару
	4. Шатырдағы сүңгі мұзды бақылау	Шатырдағы сүңгі мұзға бақылау жүргізу. Ауа райы жылығанда шатырдағы мұздағы тамшылар қадағалау,
Наурыз	1. Күн барлық тіршілік көзі	Балалардың күн, су ауаның тіршіліктегі маңызы мен құндылығы, адамға пайдасы туралы білімдерін бекіту,
	2. Таза ауа	Адамның тыныс алу үшін таза ауаның керектігіне көз жеткізу. Адам оттегі бар ауаны жұтады. Жағымсыз иістер қажет еместігіне тәжірибе арқылы көз жеткізу.
	3. Май мен су	Балалар май мен суды араластыра отырып, олар өз бетімен ерігіш емес, тығыз, жабысқақ, қалкиды деген ұғымдарды меңгереді. Май мен судың араласпайтынына көз жеткізеді
	4. Ғажайып дорба ойыны	Балалардың сипап сезу, сипаттап беру қабілеттерін арттыру
Сәуір	1. Ауаға зертеу жасау	Балалардың су, ауа туралы білімдерін бекіту. Бақылау, талдау.
	2. Бояуларды араластыру	Судың көмегімен түстерді өзгертуге болатынына көз жеткізеді. Балалар екі түсті қосып үшінші түстің шығуын аңғарады.
	3. Жүзеді батып кетеді	Балаларды суда қалқып жүрген немесе батып кететін заттармен тәжірибе жасау, суға бату, қалқуы туралы қарапайым ұғымдармен таныстыру

	4.Арпа сеуіп үйренеміз	Арпа сеуіп үйрету, Зерттеу тәжірибе жасау қорытындысын шығару.өзін және өзгенің еңбегін бағалауға дағдыландыру.
Мамыр	1.Еритіндер мен ерімейтіндер	Балалар кейбір заттардың суда еритінін, кейбір заттың ерімейтінің тәжірибелер арқылы аңғарады.
	2.Сабынды көпіршіктер	Балалар нақты тәжірибе арқылы заттардың физикалық қасиеттермен танысады.үйге тапсырма ретінде береміз
	3.Гупкамен ойын	Балалар бұл сабақта судың салмағы болатының түсінеді, сулы гупка құрғақ гупкадан ауыр болатының тәжірибе жасап көз жеткізу және ұғындыру.
	4.Мен пісірдім	Балаларға құм ылғал кезінде түрлі пішіндер, заттар жасауға болатынын, құрғақ кезінде құм сусып тұратының түсіндіру